

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 6 ақпан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВ А.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр. Аталған заң Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамасымен әзірленді.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында елімізде креативті экономиканың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау қажеттігін атап өткен болатын. Ұсынылып отырған заң осы тапсырманы іске асыруға бағытталған.

Заңның мақсаты – елімізде креативті индустрияларды дербес әрі экономикалық маңызы бар сектор ретінде қалыптастыру, сондай-ақ шығармашылық әлеуетті экономикалық айналымға тарту үшін институционалдық және құқықтық негіздерді айқындау. Бұл ретте креативті индустриялар экономиканы әртараптандыруға, жаңа жұмыс

орындарын құруға және шағын әрі орта бизнестің дамуына ықпал ететін перспективалы бағыт ретінде қарастырылды.

Осы заңмен Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы», «Кинематография туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Атап айтқанда, креативті индустрия саласына қатысты бірқатар жаңа ұғымдық анықтамалар нақтыланып, креативті индустрия субъектілерінің тізілімі енгізіледі, сондай-ақ оларды онлайн форматта есепке алу тетігі көзделеді. Бұл саланың ашықтығын арттыруға, нақты статистикалық деректер қалыптастыруға және мемлекеттік қолдау шараларын жүйелі түрде жоспарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар уәкілетті органға креативті индустрия субъектілерінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік қоса қаржыландыру шеңберінде жеке инвестицияларды тарту процесін мониторингтеу жөніндегі құзыреттер беріледі. Бұл нормалар мемлекеттік сектор мен жеке сектор арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге, инвестициялық белсенділікті арттыруға бағытталған.

Жергілікті атқарушы органдарға креативті кәсіпкерлікті дамытуға, шығармашылықпен айналысатын азаматтар мен таланттардың танылуына және олардың әлеуетін іске асыруға жағдай жасау жөніндегі өкілеттіктер беріліп отыр. Сонымен қатар креативті индустрияларда еңбек ететін жұмыскерлердің құқықтары заңнамалық деңгейде бекітіледі. Бұдан бөлек шетелдік шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың қатысуымен өтетін мәдени-бұқаралық іс-шараларды алдын ала келісу тәртібі айқындалады. Сондай-ақ фильмдерді прокатқа дейін сараптау, прокаттау куәлігін беру мерзімін ұлғайту, жастарды креативті қызметке тарту және республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының мүлкін жалға беру тәртібі нақты регламенттеледі.

Жалпы алғанда, аталған заң креативті экономиканы дамыту үшін қажетті кешенді құқықтық негізді қалыптастырады. Ол халқымыздың шығармашылық әлеуетін арттыруға, бәсекеге қабілетті креативті өнімдерді жасауға және оларды ішкі әрі сыртқы нарықта тиімді монетизациялауға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Құрметті әріптестер! Аталған заң жұмыс тобының және комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен бұл заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Осыған байланысты баяндалғанды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкіліне.

Заң уәкілетті органға мемлекеттік бірлесіп қаржыландыру шартымен креативті индустриялар жобаларына жеке инвестицияларды тартуды мониторингтеу жөніндегі өкілеттіктерді береді. Бюджеттік ресурстардың шектеулілігі жағдайында мұндай қолдау шараларының тиімділігі мен қайтарымдылық мәселесі ерекше маңызға ие. Осыған байланысты менде сұрақтар бар.

1. Креативті жобаларды мемлекеттік бірлесіп қаржыландырудың қандай модельдері басымдық ретінде қарастырылады? Қолдау көрсету кезінде салалық басымдықтар қарастырыла ма?

2. Бұл жүйеде креативті индустрияларды дамытудың корпоративтік қорына қандай рөл беру жоспарланып отыр және бұл мемлекеттік органдардың функцияларының қайталануына әкеп соқтырмай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Мәдениет және ақпарат вице-министрі Кочетов Евгений Дмитриевич, жауап беріңіз.

КОЧЕТОВ Е.Д. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Бибігүл ханым, сұрағыңызға рақмет. Өздеріңіз де білесіздер, өткен жылы арнайы креативті индустрияларды дамытудың қоры ашылды, бірақ ішінде бірқатар инструменті бар.

Если мы говорим о финансовых мерах, мы предполагаем три направления по финансовым мерам:

- 1) грантовое финансирование;
- 2) механизм софинансирования;
- 3) механизм венчурного финансирования.

Когда мы будем заходить в долю той или иной компании, соответственно, потом получать от этого дивиденды.

Каким образом будет выполняться это финансирование и на каких принципах? Разумеется, как Вы говорите, у нас будут приоритеты. Для себя сейчас мы видим пять приоритетов, которые существуют:

- 1) музыкальное направление;
- 2) дизайн и мода;
- 3) анимация (әрине, тек қана қазақ тілінде);

4) ремесленники. Почему ремесленники? Потому что в структуре экономики это достаточно большое количество людей, 70 процентов всех субъектов – это именно ремесленники, то есть это большое количество занятых в экономике;

5) так называемое цифровое искусство, 3D-дизайн, все, что связано с работой с компьютером. Разумеется, есть направления, связанные с IT, но это больше с «Astana Hub», мы здесь не перекликаемся, просто взаимно дополняем друг друга.

Касательно вопроса о том, что может быть дублирование между государством и фондом. Хочу Вас заверить, что дублирования не будет. В январе вышло специальное постановление по Фонду развития креативных индустрий. Он у нас закреплен в качестве оператора. В итоге получается следующая связка: мониторинг и контроль за государством,

то есть мы как уполномоченный орган будем это осуществлять, за фондом – реализация и сопровождение.

Вы хорошо помните, при вашей поддержке в позапрошлом году был принят закон, первый пакет по креативной экономике, где 3 процента от лотерейных средств было направлено в этот фонд. Именно фонд будет оперировать и этими деньгами. Поэтому никакого дублирования, мы уверены, не будет. Рақмет.

ТӨРАҒА. Евгений Дмитриевич, в продолжение вопроса Бибігүл Бүркітқызы.

Вы обозначили три конкретных механизма, в рамках которых будет осуществляться поддержка со стороны фонда тех или иных проектов в сфере креативных индустрий. Хорошо.

Какой объем фонда вы предполагаете в целом, о каких суммах идет речь в целом? То, что ежегодно 3 процента от лотереи туда поступает, будут ли туда еще вкладываться государственные средства из республиканского бюджета? Итого ежегодно о какой сумме идет речь? Это первый вопрос.

Второй вопрос. Помимо этих трех механизмов, о которых Вы сказали, еще какие дополнительные меры поддержки, не в целом абстрактные, а конкретные меры поддержки креативных индустрий предусматриваются в данном законе? Пожалуйста, коротко и конкретно.

КОЧЕТОВ Е.Д. Рақмет.

Какая сумма? Сейчас, по прогнозу, это порядка 4 миллиардов тенге ежегодно, потому что 3 процента отчислений национального оператора – это сумма плавающая, поэтому мы прогнозируем около 4 миллиардов тенге, из них государственный бюджет заложен только на первые три года существования фонда, после этого государственного бюджета в фонде не будет. Такой принцип мы взяли за основу. Потом все будет только за счет самокупаемости тех проектов, в которые мы вкладываем, и только за счет отчислений национального оператора лотереи. Это первое.

Второе. Касательно конкретных дополнительных мер поддержки. Есть большой пакет нефинансовых мер поддержки.

Во-первых, это резиденство, то есть участники креативных индустрий, предприниматели, могут стать резидентами фонда, им будут предоставляться бесплатно помещения, то есть они не будут платить за аренду, они будут находиться на базе фонда, причем будет принцип экстерриториальности, они могут находиться в любом хабе 20 регионов.

Во-вторых, они будут участвовать во всех образовательных проектах фонда. Это инкубационные программы, акселерационные программы, все то, что позволит какую-то идею, которая сегодня есть в голове у предпринимателя, довести до конкретной коммерциализации.

И уже на третьем этапе мы будем подключаться со своими финансовыми инструментами, финансировать готовую идею, готовый проект и выводить на рынок, а также преимущественно на экспорт.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкіліне.

Баршамызға белгілі, креативті индустрия туралы заң бәрімізге де керек, алайда бұл жерде туындап тұрған бірқатар мәселелер бар. Егер ел аумағы бойынша алатын болсақ, креативті хабтардың басым бөлігінің орналасуы ірі-ірі мегаполистерде, яғни басқа өңірлерде креативті жобаларды бастапқы кезеңде сүйемелдейтін мамандардың жетіспеушілігі байқалады. Сонымен қатар қаржы институттары креативті жобаларға қатысты инвестиция салуға құлықсыз, сөздің шыны керек, тіпті оларға мән де бермейді. Себебі олар үшін интеллектуалдық меншік әлі де болса бағалауы қиын және тәуекелі жоғары актив болып қалуда. Осыған орай өзіңізге логикалық түрде екі сұрағым бар.

Бірінші. Уәкілетті орган ретінде осы креативті жобаларды іске асыру барысында еліміз бойынша кадрлық тапшылықты қалай жоймақсыздар? Өйткені бұның ішінде кадрлық тапшылық бар, инфрақұрылымның жетіспеушілігі бар. Осы дефицит мәселесін қалай жоясыздар?

Екінші. Сіздің ойыңызша, осы заңның аясында болашақта қаржы институттарының инвестициялық тартымдылығын одан сайын арттыру үшін интеллектуалдық меншік объектілерін заңдық қорғаудың тетіктері қалай пайда болып жатыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

КОЧЕТОВ Е.Д. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Геннадий Геннадийұлы, рақмет. Қазіргі уақытта креативті индустрия саласына мамандар даярлау Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында және Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде (Шабыт), бұларда арт-менеджмент және креативті индустрия, басқару, арнайы бакалавр және магистр бағдарламасы бар. Мысалы, соңғы бес жыл ішінде Жүргенов атындағы академияны бакалавр дәрежесінде шамамен жүз түлек бітірді, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетін (Шабыт) шамамен 100 түлек бітірді. Ал соңғы екі жылда магистратурада шамамен 20 түлек болды. Одан бөлек осы бағытта тағы жекеменшік университеттерде арнайы бағдарлама бар. Мысалы, AlmaU университетінде арнайы магистрлік креативті бағдарлама бар. Сонымен қатар бізде арнайы қысқа мерзімді бағдарламалар бар, Executive Education (Экзекьютив эдьюкейшн) бағдарламасы сияқты Яндекспен және Жоғары экономика мектебімен бірлескен бағдарламалар бар. Сосын біз барлық өңірде осыған ұқсас бағдарламаларды жоспарлап отырмыз. Осы жылы қатысушылар саны шамамен 1 мың болады. Менің ойымша, осы даму кезінде мамандар жеткілікті болады.

Енді инфрақұрылым туралы айтсақ, Геннадий Геннадийұлы, сіз дұрыс айтасыз, өкінішке орай, өңірлерде арнайы инфрақұрылым өте аз. Бірақ Президенттің тапсырмасына сәйкес барлық өңірде арнайы креативті хабтар ресми ашылды. Геннадий Геннадийұлы, сіз кеше Ақмола облысының Қосшы қаласындағы хабта болдыңыз. Қазіргі таңда бізде жиырма

хаб бар. Бұл тек мегаполис емес, бұл барлық өңірде. Осы инфрақұрылымды мүмкіндігінше толық пайдаланамыз.

Екінші сұрақ инвестиция және авторлық құқық жөнінде.

Наши коллеги из Министерства юстиции в прошлом году вели большой и очень важный закон, который перезагрузил систему авторских прав. И мы для своей отрасли воспринимаем это как большую перезагрузку, ждем много новых вещей, в частности, за счет цифровизации. Там предложен новый алгоритм. И мы верим, что за счет этого алгоритма, за счет цифровизации в сферу пойдут инвестиции, в том числе от финансового сектора. Мы в этом уверены и ждем этого.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства культуры и информации.

Одним из ключевых нововведений закона является формирование и ведение реестра субъектов креативных индустрий как инструмента адресного предоставления мер государственной поддержки.

От корректности критериев включения в реестр, прозрачности процедур и цифровой готовности системы будет напрямую зависеть эффективность всей политики в сфере креативных индустрий и доверие со стороны бизнеса и профессионального сообщества.

В связи с этим у меня следующие вопросы.

1. Какие критерии отнесения субъектов предпринимательства к креативным индустриям планируется утвердить? Как будет обеспечен баланс между доступностью реестра и недопущением формального включения? Предусматривается ли интеграция реестра с действующими государственными информационными системами?

2. Планируется ли использование реестра не только как учетного инструмента, но и как основы для мониторинга вклада креативных индустрий в экономику страны? Рақмет.

ТӨРАҒА. Евгений Дмитриевич, жауап беріңіз.

КОЧЕТОВ Е.Д. Советбек мырза, сұрағыңызға рақмет.

Если позволите, я начну со второго вопроса. Четко и категорично скажу, что планируется полная интеграция со всеми ключевыми базами данных (ГБД ФЛ, ГБД ЮЛ, налоговая база). То есть будет взаимоувязка этого реестра с ключевыми базами данных.

Главная задача, которую мы в реестре ставим, не просто собрать в него всех представителей малого и среднего бизнеса, которые в этой сфере работают, а сделать их полноценными участниками экономики, в том числе с точки зрения получения финансовых и нефинансовых мер поддержки. Разумеется, мониторинг экономических показателей, но и самое главное, наверное, для нас ввиду того, что нам в Правительстве поставили задачу по окупаемости этих проектов, это отслеживание финансовых результатов деятельности. То есть за счет этой базы данных мы будем смотреть основные финансово-экономические показатели этих организаций. Такая задумка.

Касательно первого вопроса. У нас существуют специальные правила, которые приняты в январе этого года приказом министра. Вот они передо мной. Это достаточно увесистый документ, его ждала наша отрасль. Там закреплены основные принципы, в том числе критерии, о которых Вы говорите, Советбек Тұрсынұлы, благодаря которым мы будем оказывать поддержку.

Мы долго дискутировали, думали и пришли к выводу, что критериев должно быть только три. И они очень простые и логичные, на наш взгляд.

Первый критерий – быть официально зарегистрированным предпринимателем либо индивидуальным предпринимателем на территории Республики Казахстан.

Второй критерий – относиться к 43 ОКЭД креативных индустрий, которые у нас утверждены.

Третий критерий – на момент вступления в реестр, на момент регистрации субъекта, не иметь налоговой и любой другой задолженности. Все. То есть максимально открыто, максимально доступно для каждого, чтобы все субъекты микробизнеса, малого и среднего бизнеса смогли быть полноценными участниками.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау елімізде креативті индустрияларды жүйелі түрде дамытуға, осы саланың экономикалық және мәдени әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде креативті орталықтар ашылды. Бұл креативті индустрияны тек ірі қалаларда ғана емес, өңірлерде де нақты дамытуға мүмкіндік береді.

2024 жылдан бастап креативті индустрияның жекелеген қызмет түрлері үшін 2 – 4 пайыз мөлшеріндегі арнайы бөлшек салық енгізілді. Бұл шара өзінің тиімділігін көрсетті. Бір жылдың ішінде сала субъектілерінің саны 17 пайызға артты. Қазіргі таңда креативті индустрия саласында 150 мыңға жуық адам еңбек етеді, ал субъектілер саны 46 мыңнан асты.

2029 жылға қарай саланың жалпы ішкі өнімдегі үлесін 2 пайызға дейін арттыру, экспорт көлемін 115 миллион АҚШ долларына дейін жеткізу және жұмыспен қамтылғандар санын 180 мың адамға дейін көбейту жоспарлануда.

Ұсынылып отырған заң креативті индустрияны дамытудың институционалдық негізін нығайтып, жаңа жұмыс орындарын құрып, экономиканы әртараптандыруға зор ықпал етеді. Осылайша біз креативті индустрияның тек мәдениеттің ғана емес, экономиканың нақты бір маңызды секторына айналғанын көріп отырмыз.

Құрметті әріптестер! Мен аталған заңды қолдаймын және оның маңыздылығын ескере отырып сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң еліміздегі креативті индустрия саласын реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіруді көздейді. Атап айтқанда, саланы қолдауға бағытталған бірқатар жаңа тетіктер енгізіліп отыр. Сонымен қатар өкілетті органның құзыреттері нақтыланып, қосымша міндеттер жүктеледі.

Жалпы, заң еліміздің креативті экономика секторының одан әрі дамуына тың серпін береді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Депутаттық сауалдар бүгін жоқ, олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2026 жылғы 6 ақпан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам поддержки и развития креативных индустрий», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке
КАПБАРОВОЙ А.Ж. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АҚҚОЖИНА Б.Б. 2
КОЧЕТОВ Е.Д. – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, вице-министр культуры и информации Республики Казахстан 3
ШИПОВСКИХ Г.Г. 5
КОЧЕТОВ Е.Д. 5
МЕДЕБАЕВ С.Т. 6
КОЧЕТОВ Е.Д. 6
РУСТЕМОВ Р.Р. 7

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева